

6B02302 «ФИЛОЛОГИЯ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: :6B023 Тілдер және әдебиет

Берілетін дәрежесі: 6B02302 «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B02302-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры филология саласы бойынша негізгі білім алады, қазақ тілін меңгереді. Жоғары оқу орны белгілеген тәжірибелік мамандану бойынша кәсіптік дайындықтан өтеді.

1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

Бітірушілердің кәсіптік қызмет нысандары орта (сонымен бірге гимназиялар, лицейлер) және арнаулы орта (колледждер, техникумдар, училищелер) оқу орындары болып табылады, ғылыми-зерттеу мекемелері, газет, журналдардың редакциялары, радио мен телевидение және баспа орындары бола алады.

1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- ғылыми-зерттеушілік;
- баспа ісі;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- білім беру саласындағы әкімшілік қызметтер (орта және арнаулы орта, жоғары оқу орындары);
- әлеуметтік-гуманитарлық қызметтердің басқа да салалары (мәдениаралық қатынас).

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Филология мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметінің типтік міндеттері кәсіби қызметтің түрлеріне сәйкес келеді:

- жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту;
- білім мекемелерінде оқу-әдістемелік үрдісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- баспа өнімін түзету, редакциялау;
- лингвистика, әдебиеттану, фольклористика және текстология салаларында зерттеулер жүргізу;
- баспа өнімдерін редакторлайды, түзетеді;
- ресми-іскерлік, құжаттарды дайындайды;
- мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізеді;
- ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асырады;
- білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді жүзеге асырады.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** пәннің салаларын терең меңгерген және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін дұрыс қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – пәндік және пәнаралық саланың іргелі заңдылықтарының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін интеграциялауды көрсету;
- **ON2** – берілген ақпаратқа сүйене отырып, игерген білімін практикада қолдана алу;
- **ON3** – оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылыққа, проблеманы бірлесе шешуге тарту мақсатында пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, қазіргі жағдайын саралау;
- **ON4** – пәнді оқытуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- **ON5** – пән бойынша таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;
- **ON6** – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай білу;
- **ON7** – ортақ мақсатқа жету үшін командада тиімді жұмыс істеуде, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік және көшбасшылық көрсету;
- **ON8** – педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсатына, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу;
- **ON9** –Тілдік заңдылықтар мен тіл тарихының дамуы жайлы проблемаларды ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдау;
- **ON10** – өзінің және басқалардың идеялары, әрекеттері мен пайымдауларына қызығушылық таныту негізінде сыни тұрғыдан саралау;
- **ON11** – Көркем шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін, шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талқылау;
- **ON12** – Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты, гуманистік тұрғыдан шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру мақсатында көркем мәтінді интерпретациялау.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)											
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11	ON12
Жалпы білім беретін пәндер циклі															
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір	5												+

		қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.				+	+		+		+				
Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті															
2	Оқушылардың физиологиялық дамуы мен тәрбие жұмысының әдістемесі (Оқушылардың физиологиялық дамуы, Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі)	Оқушылардың физиологиялық-психоло-гиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5			+		+	+			+		+	
3	Әдебиеттануға кіріспе	Әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы, шығармадағы тілдік бейнелеулер, шығарманы өмірмен салыстырып бағалауды, эссе жазудың жолдары, әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды үйретеді; талдаудың ерекшелігіне сай сыни және жүйелі ойлауын дамытады.	7											+	+

		интерпретациялауды, алған білімдерін практикада дұрыс қолдануды үйретеді													
10	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті пәнінен мерзімді баспасөзде жарық көрген ғылыми дәйектемелер мен 1960-1990 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті тарихының іргелі мәселелері мен сол дәуірдегі ақын-жазушылардың шығармашылығын, тақырыбы мен идеясын жүйелеп, әдеби тілді құбылту мен айшықтауларды салыстыруды, шығарманың көркемдік құндылығын бағалау мен диагностикалауды, мәтінді интерпретациялауды практикада дұрыс қолдануды үйретеді	5		+		+						+	+	+
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті															
11	Шешендік өнер	Шешендік өнердің қалыптасуы, тарихымен таныстыру, студенттерді шешендік өнер тарихынан хабардар етеді. Курс барысында ортақ мақсатқа жету үшін командада тиімді жұмыс істеуде, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік және көшбасшылық көрсете білуге, цифрлық ресурстарды практикада қолдануды, .	5		+		+			+					
12	Сөйлеу мәдениеті және педагогикалық риторика	Сөйлеу мәдениетінің парасат пайымы, тілдік амалдар, ойдың және сөйлеудің дамуы, сөйлеу мәдениетіндегі шешендік өнер, халық даналығы, сөз мәдениетінің орны, мәдениет мәйегі туралы түсінік беріледі. Тұлғаның интеллектуалдық мәдениетін, білім-білігін, зерде-зейінін дамытып, шешеннің интеллектуалдық	5		+		+			+					

		мәдениетін қалыптастыру, цифрлық ресурстарды практикада дұрыс қолдану, командада тиімді жұмыс жасауға машықтанады														
13	Латын әліпбиі және қазақ жазуының тарихы	Қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері, фонемографиялық жазу типі түрлерінің онтогенездік дамуы, пәнаралық саланың заңдылықтарын тұжырымдауды қалыптастырады; алған білімдерін практикада қолдануды, латын жазудағы мәтінді интерпретациялауға сыни пайымдауға дағдыландырады.	5	+	+								+		+	
14	Көркем мәтін теориясы	Көркем мәтін теориясы мәтіннің теориялық мәселелерін, көркем мәтінді зерттеудің филологиялық негіздерін, әдістерін, кезеңдерін, үрдістерін қарастырады. Бұл көркем мәтінді талдаудың психологиялық негіздерін, сюжеттің құрылу теориясын тұжырымдайды. Алған білімдерін практикада қолдануды, стильдік ерекшеліктерін сыни пайымдауды, мәтінді интерпретациялауды меңгертеді	5	+	+								+		+	
15	Қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	Лексикология тілдік бірлік ретіндегі сөздердің семантикалық құрылымы, сөздік құрамның толығы жолдары, сөздіктерді құрастыру принциптері мен оларды жасау жолдары жайлы пәннің тұжырымдамалық және теориялық негіздері жайлы мәселелерді қарастырады; басқа ғылым салаларымен байланыстыра отырып, тілдік заңдылықтарды талдауды және оны практикада дұрыс қолдану жолдарын меңгертеді.	5	+	+								+			
16	Қазақ тілінің фразеологиясы	Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамы, түрлері, сөздіктерді құрастыру принциптері	5	+	+									+		

		мен оларды жасау жолдары жайлы мәселелерді қарастырады, басқа ғылым салаларымен байланыстыра отырып, тілдік заңдылықтарды талдауды және оны практикада дұрыс қолдану жолдарын меңгертеді.												
17	Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті	Қазақ халқының төл әдебиетінің қалыптасуы жайлы мәселелер басқа ғылым салаларымен байланысты жүйелі түрде оқытылады. Асан қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетай, Бұхар жырау, Көтеш, Шал, т.б ақындар шығармашылығын сыни тұрғыдан ұлттық мүддемен байланыстыра талдауды, алған білімін практикада қолдануды, мәтінді интерпретациялауды үйретеді.	6		+							+	+	+
18	XV ғасырдағы қазақ әдебиеті	Ақын-жыраулар шығармашылығымен таныстырып, тілдік, тақырыптық ерекшеліктері жайлы мағлұмат береді. XV ғасырпоэзиясындағы философиялық мәніне талдау жасай білуге, жыраулар поэзиясының көркемдік-поэтикалық ерекшеліктерін үйретеді, ақындар шығармашылығын сыни тұрғыдан ұлттық мүддемен байланыстыра талдауды, алған білімін практикада қолдануды, мәтінді интерпретациялауды үйретеді.	6		+							+	+	+
19	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	XX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен байланысын, ойсананы оятудағы міндеттерін терең игертіп, XX ғасырдың I жартысындағы әдеби байланыстарды, пікір айтып, талдау дағдысын қалыптастыру	5									+	+	+

		мақсатында сыни ойлау қабілетін дамытады; мәтіннің идеясын ұлттық мүддемен байланыстыра отырып, гуманистік тұрғыдан талдауды меңгертеді													
20	Ағартушылық-демократтық бағыттағы әдебиет	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жай-күйі, тарихи жағдайы, баспасөздің дамуы, әдебиеттегі азатшылдық ұран, Алашорда әдебиетінің тәуелсіздік үшін жүргізген күресі, діни-ағартушылық, ағартушы – демократтық бағыт өкілдері жайлы түсінік қалыптастырады; пікір айтып, талдау дағдысын қалыптастыру мақсатында сыни ойлау қабілетін дамытады; мәтіннің идеясын ұлттық мүддемен байланыстыра отырып, гуманистік тұрғыдан талдауды меңгертеді.	5										+	+	+
21	Шетел әдебиеті	Антикалық әдебиеттің ролі; ортағасыр ХҮІІ ғ. классицизм мен барокконың, ХҮІІІ ғасырдағы ағартушылық реализмнің эстетикалық ұстанымдары; ХІХғ. классикалық романтизм; Декаданс және авангардизмнің, эстетикалық ұстанымдары; Ч.Диккенс, Байрон, В.Гюго, Шекспир, Т.Драйзер, Дж.Лондон т.б. шығармашылығы жайлы білімдер жүйесін қалыптастырады. Шығарманы гуманистік тұрғыдан талдауды, оны практикада қолдану жолдарын меңгертеді.	5		+								+	+	+
22	Шығыс әдебиеті	Шығыс әдебиетінің даму кезеңдері, зерттелу тарихы, бағыттар мен ағымдар жайлы ақпарат бере отырып, шетел әдебиеті өкілдерінің шығармашылығымен салыстыра отырып, шығыс әдебиетінің дамуы жайлы мағлұмат береді, шығыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларын	5		+								+	+	+

		гуманистік тұрғыдан талдауды, оны практикада қолдану жолдарын меңгертеді.												
23	Қазақ әдеби сынының тарихы	Әдеби туындының идеялық көркемдік құнын белгілеу, мәні мен маңызын анықтау арқылы шығарманың бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетуге, оқыған шығарманың байыбына барып, оны дұрыс бағалауға, сын-пікір айтуға, ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға, салыстыру арқылы көркем мәтінді интерпретациялауға баулиды, пәнді оқытуда цифрлық білім ресурстарын пайдалануға топта креативтілік танытуға баулиды.	6		+		+			+			+	+
24	БАҚ стилі және редакциялау	Редакторлық түзетудің түрлері, әдеби редакциялаудың сапасы, корректуралық белгілер, эссе, хабарлама жазудың жолдары жайлы түсінік қалыптастырылады; стилистика және редакциялаудың теориясымен, әдістемесімен қаруланып, тәжірибе жинақтауларына, әр түрлі стильдегі мәтіндерді АКТ-ны қолдана отырып түзетуге, БАҚ материалдарының тілдік, стильдік ерекшеліктерін сараптап, ұлттық мүдде тұрғысынан интерпретациялауға, топта креативтілік танытуға баулиды.	6		+		+			+			+	+
25	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы	Қазіргі қазақ тілінің морфологиялық құрамымен таныстырады; студенттерде морфология бойынша ғылыми еңбектерді зерттеу қабілетін дамытады; морфологияның теориялық негіздері жайлы мәселелерді меңгертіп, талдаудан алған білімін практикада дұрыс қолдануға дағдыландырады; морфологиядағы өзекті мәселелерді ғылымның	5	+	+						+			

		соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдауды үйретеді.													
26	Қазақ тілінің семантикасы	Тілдік бірліктердің мағыналық жүйесінің құрылымын, өзіндік ерекшеліктерін, сөздің мағыналық құрылымын, сөздің мағыналық бөлшектерін қарастырады. Семантиканың негізгі теориялық ұғымдарын қарастырады, семантиканың өзекті мәселелерді ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдауды үйретеді.	5	+	+							+			
27	Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	Синтаксис бойынша тілдік материалдарды меңгерту және сатылай кешенді талдауға арналады. Мұнда синтаксистік материалдарды сатылай кешенді талдау, деңгейлік, сөйлем мүшелері, сөйлемнің айтылуына, тұлғаның сөздік қорын молайтуға, өз ойын жаттық сөйлемдермен жеткізе білуге, көркем мәтіндерді сазына келтіріп оқуға, сөйлемде айтылған ойдың мәнін, мазмұнын тұжырымдауға ықпалын тигізеді.	8									+			
28	Қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	Бұл пән қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдегі сөз тіркестері мен сөйлем мүшелері, сөйлем құрылысы жайлы мәселелерді анықтайды. Қазақ тіліндегі сөз тіркестері, сөйлем түрлері, пунктуациялық ережелер тұжырым жасауға, сөздік қордың баюы, сөз тіркестері мен сөйлем қолданыстарын қарастырады, сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрылымдау жолдарын білу дағдыларды қалыптастыруға.	8									+			
29	Нормативті қазақ тілі	Қазақ тілінің дыбыстарының жасалу, айтылу заңдылықтары, емлесі, үндестік заңы, сөздің мағынасы, тұрақты тіркестер,	5		+		+			+		+			

		сөз құрамы, сөз тұлғасы, сөз таптары, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері, сөз тіркесі, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері жайлы теориялық мәселелерді меңгертіп, тілдік заңдылықтарды тұжырымдауға, практикада АКТ-ны дұрыс қолдануға машықтандырады; сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, қоғамдық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік көрсету жолдарын меңгертеді													
30	Публицистика және әдебиет	Публицистиканың пайда болуы, ерекшелігі, көркем әдебиет, журналистика және публицистиканың байланысы, публицистикасындағы тақырыптық, проблемалық пішіндік ізденістер жайлы білім жүйесін қалыптастырып, А.Байтұрсынов, Ғ.Мүсірепов, Ғ. Мұстафин және т.б. көсемсөз шеберлерінің еңбектері жайлы мағлұмат береді; өз практикасында АКТ-ны дұрыс қолдану, қоғамдық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік көрсету жолдарын меңгертеді.	5		+		+			+			+		
Бейіндеуші пәндер циклі															
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															
31	Стилистика және тіл мәдениеті	Студенттерді стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымдарымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру. Бұл пән студенттер мен оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Тіл тарихының заңдылықтарын соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдауды қарастырады, оқушының	5							+				+	

		тұлғалық дамуын қалыптастырады																
32	Әдебиет теориясы	Әдебиет теориясының қалыптасу кезеңдері, ғылыми мектептердің ерекшеліктері, әдебиеттің танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық қасиеттері жайлы түсінік береді; әдеби құбылту мен айшықтаудың түрлерін, шығарма идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды, эпизодтарды салғастыра отырып интерпретациялауды үйретеді.	8														+	+
33	Жалпы тіл білімі	Тілдің мәні мен функциялары, оның жүйелік сипаты мен иерархиялық құрылымы, грамматикалық құрылысы, тілдің шығу тегі мен дамуы, әлем тілдерінің жіктелуі, лингвистикалық ғылымның даму кезеңдері және оның басқа ғылымдармен байланысы туралы негізгі ережелерді түсіндіреді, білімін практикада дұрыс қолдану, тілдік заңдылықтарды зерттеу нәтижесіне сәйкес тұжырымдау жолдарын қарастырады.	5	+	+												+	
34	Аударма теориясының негіздері	Екі тілді акт ретінде аударма процесінің ерекшеліктерімен, аударма түрлері және зерттеу нысандарымен, аударманың лексикалық, грамматикалық, стилистикалық аспектілерін ауыстыру мәселелерімен, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді және басқа да тілдік ресурстарды жазбаша аударуда креативтілік танытып, мәтінді интерпретациялай алады.	5							+								+
35	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті және рухани жаңғыру	Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдардағы даму сипатына шолу жасайды. Тәуелсіздік жылдардағы көркем туындылардың құндылығын, қазіргі жағдайын	5			+											+	+

		салыстырады. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті каламгерлерінің шығармаларындағы басты ерекшеліктерін гуманистік тұрығдан талдап, тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетін ұлттық мүдде тұрғысынан интерпретациялайды.													
36	Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі	Оқытудың инновациялық технологиясы саласындағы жетістіктерімен; қазіргі әдістеменің негізгі бағыттарына қатысты мәселелермен, оқытудың жеті модулі жайлы түсінік қалыптастырады; мектепте қазақ тілі мен оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу және тәжірибеге енгізуге, инновациялық технологияларды күтілетін нәтижеге және жас ерекшелікке сай қолдана білуге, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай білуге машықтандырады	5						+		+	+	+		
37	Қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық әдістемесі	Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігімен, спиральды қағидатпен білім беру мазмұнымен таныстырып, білім мазмұнын Блум таксономиясы арқылы меңгертуді қамтамасыз етеді; критериалды бағалау жүйесін түсіндіреді, жаңартылған білім беру бағдарламасын практикада қолдануға қажетті дағдыларды қалыптастырады; топта тиімді жұмыс жасау, көшбасшылық қабілетті дамытуды, пәнді оқытуда АКТ-ны пайдалануға үйретеді.	5		+		+	+		+					
38	Мәнерлеп оқу	Мәнерлеп оқу арқылы студенттердің тіл ұстарту қабілетін арттырып, әдеби тілде дұрыс сөйлеуге, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, көшбасшылыққа дағдыландырады.	5							+					+

		Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу-адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары екендігін танытатын қабілеттерінің бірі. Мәтінді пафос тұрғысынан айта алуға машықтандырады.													
39	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау және тілдегі ұлттық код	Көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың іргелі заңдылықтарын тұжырымдайды, көркем мәтіндегі сөздердің мағынасын, берілу тарихын, сөздер эталонын, ұлттық кодты қарастырады. Пәнде көркем мәтінді ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға, сыни ойлау мен креативтілік танытуға, мәтіндегі тілдік кодты салыстыра отырып интерпретациялайды.	5	+						+			+	+	+
40	Көне жазба ескерткіштерінің тілі	Көне руна, Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерінің тілінің тарихына байланысты көне жазбаларды, көркем мәтінді, пәнаралық саланың іргелі заңдылықтарын, әдеби нормалар түрлерін, стильдік тармақтарды нақтылайды. Көне жазба ескерткіштердің тілін ғылыми тұрғыда негіздеп, ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдайды	5	+							+				
41	Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы	Тіл теориясының қазіргі даму кезеңдері мен фонетика, лексика және грамматика салаларының ерекшеліктері мен ұқсастықтары, салыстырмалы және салғастырмалы типологияның талдау әдістері, түркі тілдеріне тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер жайлы білімді игертеді. Тілдік заңдылықтар жайлы проблемаларды ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып талдайды,	5		+						+				

		тұжырымдайды.														
42	Түркітануға кіріспе	Түркітану ғылымының іргелі заңдылықтары тұжырымдалады және олардың топтастырылуы, түркі жазуы мен тіл мәдениеті, көне түркі руникалық ескерткіштері, графикалық жүйе болып қалыптасқан көне түркі руникалық алфавиті және теориялық негіздерін түсіну және интеграциялауды көрсетеді, ғылымның соңғы жетістіктерін бағалайды.	5	+				+								
43	Түркі халықтарының әдебиеті	Түркі халықтары әдебиеті тарихының кезеңдері, қалыптасуы, әлем әдебиетінен алатын орны, түркі әлемі алыптарының шығармалары, түркі әлемінің мәдени-философиялық идеялары, түркі тілді халықтардың көркем мәдениетіндегі табиғат пен адам болмысы жөніндегі мәселелер пәнаралық байланыс арқылы түсіндіріледі; ақпаратқа сүйене отырып, білімін практикада қолдануды, жүйелі және гуманистік тұрғыдан талдап, шығармаға баға беруге дағдыландырады.	5	+	+									+	+	